

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мектепке дейінгі балаларды табиғатқа дағдыландыру

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.10.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/182778/>

Копчикбаева Замира Курменбековна

Табиғатты көре білу онымен біртұтастық дүниетанымын тәрбиелеудің және табиғат арқылы тәрбиелеудің алғашқы шарты. Ол табиғатпен үнемі байланыста болу арқылы ғана қол жеткізіледі. Адам өзін тұтастың бір бөлігі ретінде сезіну үшін эпизодтық емес, үнемі осы тұтастықпен қарым қатынаста болуы керек. Міне, сондықтан педагогикалық әсерлердің үйлесімділігі табиғатпен үнемі байланыста болуды талап етеді.

Табиғат - дамуға әсер ететін факторлардың бірі және адамға эстетикалық әсерлер мен эмоционалдық әсер етудің сарқылмас көзі. Адамдардың өмірінде табиғат маңызды орын алады. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік жастайынан тәрбиеленеді. Дәл осы уақытта балаларды сүйіспеншілікке, үйлесімділікке, бірлікке тәрбиелеу керек.

Мектепке дейінгі мекемеге балаларды табиғатпен, жылдың әр мезгілінде болып жатқан өзгерістерімен таныстырады. Алған білімдер негізінде табиғат құбылыстарын шынайы түсіну, білуге құштарлық, бақылау білу, логикалық ойлау, барлық тіршілік иелеріне эстетикалық қатынас жасау сияқты қасиеттер қалыптасады. Табиғатқа деген сүйіспеншілік, оны аялай білу тіршілік иелеріне қамқорлық жасау табиғатқа деген қызығушылықты тудырып қана қоймай, балалардың бойында отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, адамгершілік табиғи байлықты қорғайтын және арттыратын ересектердің ауыр еңбегін құрметтеу сияқты ең жақсы мінез құлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, таңдалған тақырыптың өзектілігі мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру бойынша жұмысты тиімді жүзеге асыру үшін кішкентай адамның сезімін тәрбиелеуге, «нақтылауға түспен дыбыс ренгтерін ажырата білуге табиғатпен бірлікті сезінуге бағытталған сабақтар кешенін әзірлеу қажет екендігімен анықталады.

Мектепке дейінгі жас-тәрбиедегі ерекше жауапты кезең, өйткені ол баланың жеке басына бастапқы қалыптасу жасы. Осы уақытта баланың қатарластарымен қарым -

қатынасында оның жеке басынын дамуына айтарлықтай әсер ететін күрделі қарым қатынастар пайда болады. Мектепке дейінгі жаста баланың әлемі, әдетте, басқа балалармен тығыз байланысты. Бала неғұрлым үлкен болса, соғұрымы ол үшін құрдастарымен байланыс маңыздырақ болады.

Мектеп дейінгі балалық шақ - адам дамуының аса маңызды кезеңі. Оның бар болуы қоғамның және белгілі бір тұлғаның әлеуметтік - тарихи және эволюциялық - биологиялық дамуымен анықталады, ол белгілі бір жастағы баланың дамуының міндеттері мен мүмкіндіктерін анықтайды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.